

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ

Аннотация. Бұл мақалада функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру туралы сөз етіледі. Сондай-ақ, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамытудың қандай әдіс-тәсілдері бар екендігі де жан-жақты қарастырылады. Сабақты қызықты өткізудің мақсаттары, ұстанымдары жөнінде де ақпараттар қамтылған.

Кілт сөздер: функционалды сауаттылық, білім, әдіс-тәсілдер, технологиялар.

Адам баласының, әсіресе, білім алушылардың сұранысы күннен-күнге артып барады. Білім алушының талап-тілегіне сай болу үшін мұғалімге артылар жүк те ауыр. Біліммен қаруланған, ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу-уақыт талабы. Себебі, бүгін мектеп партасында отырған білім алушылар-ертең ел тағдырын шешетін тұлғалар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету-мұғалімнің басты міндеті.

Заманауи қоғамның өзекті мәселелерінің бірі – өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайларда өмір сүруге дайын ғана емес, сонымен бірге өмір шындығына белсенді ықпал етуші, функционалды сауатты тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты, бірінші кезекте тұлғаға қойылатын белгілі талаптар шығады: шығармашылық, белсенділік, әлеуметтік жауаптылық, жақсы дамыған зияткерлік, жоғары білім, кәсіби сауаттылық.

Мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2016-2021 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарына сәйкес функционалды сауаттылық көп жоспарлы адамзаттық қызметтің білім беру мен байланысын кіріктіру, тұлғаның әлеуметтік бағдарлану әдісі ретінде түсіндіріледі. Заманауи, өзгермелі әлемде, функционалды сауаттылық базалық факторлардың бірі болып табылып, адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметіне, сонымен қатар өмір бойы оқуына ықпал етеді. Функционалды сауаттылықтың компоненттерінің бірі оқу сауаттылығы болып табылады [2].

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында, Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында мектеп оқушыларының функционалды сауаттылығын дамыту жөніндегі 2017-2021 жылдарға арналған Ұлттық іс-қимыл жоспарында білім беру мен тәрбиенің басты мәселелері анықталып, оның шешу жолдары белгіленген, солардың ішінен мен бірнеше негізгі міндеттерді бөліп алдым: заманауи білім беру; кәсіби қайта даярлау; жаңа технологияларды, идеяларды және тәсілдерді қолдану; құзыретті-бағытталған білім беру идеясы арқылы жан-жақты дамыған тұлғаны дамыту.

Қазіргі таңда, математика пәнінің мұғалімі жаңа тұрпатты ұстаз, функционалды сауатты тұлғаны тәрбиелеу бойынша қоғамның сұранысына сай: кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан; жаңалыққа құмар; рухани дүниесі бай; өздігінен зерттеу міндеттерін қоя және шеше алатын; коммуникативті; ақпараттық технологияларды игерген; балаларды сүйетін, құрметтейтін, оларға сенетін және шығармашылықпен жұмыс істейтін тұлға болуы тиіс. Мұғалім өзі құзыретті болмай, мақсатқа жетуі екіталай.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту қазіргі 11 жылдық сияқты 12 жылдық мектептің Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартын жаңарту шеңберінде білім берудің басым бағыттарының бірі ретінде айқындалады. Мұнда: оқыту технологиясы орталығында – оқушылар; оқу әрекетінің негізінде – ынтымақтастық; оқушылар оқытуда белсенді рөл атқарады; технология мәні – өздігінен білім алуға деген қабілетін дамыту. Менің пікірімше, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту өмірлік мәселелерді шешудің, басты функцияларды, әлеуметтік рөлдерді, құзыреттіліктерді орындаудың толық тәжірибесін болжамдайды.

Мектептегі және өмірдегі оқу процесінің барлық сапасы оқу білігіне байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, егерде оқушылар жеткіліксіз оқитын болса, оның сауаттылығы одан әрі жетілдіруді талап етеді. Жақсы оқуды үйренбеген адам басқа пәндер бойынша қажетті деңгейде жауап бере алмайды немесе қандай да бір тақырыптар бойынша реферат немесе хабарламаны сырттың көмегінсіз жасай алмайды. Сондықтан да баланы оқуға, кітапты білім мен ақпарат көзі ретінде қолдануға үйрету, кітап әлеміне оқушыларды тарту және оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ету-мектептің басты міндеті.

Бұл ретте функционалдық сауаттылықты дамыту нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады.

Осыған сәйкес күтілетін нәтижелер, оқушылардың түйінді құзыреттіліктері түрінде:

- құндылық-бағытталған құзыреттілік;
- жалпымәдени;
- әлеуметтік;
- ақпараттық;
- коммуникативтік;
- тұлғалық;
- азаматтық;
- технологиялық.

Менің пікірімше, оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту өмірлік мәселелерді шешудің, басты функцияларды, әлеуметтік рөлдерді, құзыреттіліктерді орындаудың толық тәжірибесін болжамдайды. Функционалдық сауаттылық-бұл оқушының сыртқы ортамен қатынасқа түсуге әрі тез бейімделуіне және онда қызмет істеуіне; нақты мәдени ортадағы әлеуметтік қатынастар жүйесінде тұлғаның қалыпты әрекет етуін қамтамасыз ететін білім, білік және дағдыларға ие болуға; нақты жағдайда жағдаяттарға сай әрекет етуге қабілеттілігі.

Мектептегі және өмірдегі оқу процесінің барлық сапасы оқу білігіне байланысты. Тәжірибе көрсеткендей, егерде оқушылар жеткіліксіз оқитын болса, оның сауаттылығы одан әрі жетілдіруді талап етеді. Жақсы оқуды үйренбеген адам басқа пәндер бойынша қажетті деңгейде жауап бере алмайды немесе қандай да бір тақырыптар бойынша реферат немесе хабарламаны сырттың көмегінсіз жасай алмайды. Сондықтан да баланы оқуға, кітапты білім мен ақпарат көзі ретінде қолдануға үйрету, кітап әлеміне оқушыларды тарту және оқу сауаттылығын дамытуға ықпал ету-мектептің басты міндеті.

Сабақта дұрыс алынған проблемалық ситуациялар, құбылыстар мен шамалар арасындағы тәуекелдікті дұрыс анықтай білуге дайындайды. Математика сабақтарында практикалық жұмыстардың тиімділігі зор. Бұл кезде оқушылардың ойлауы белсенді, үдемелі жұмыс жасайды. Мәселені сәйкестендіру кезінде сұрақтар қою арқылы –практикалық есептер, мына талаптарды қамтамасыз етуі қажет. Оқушылардың есептерді кезкелген әдіспен шешу, оқушылардың шығармашылық қабілетін кеңейту. Іскерлік, шығармашылық бірлесіп жасау, топтық түрде жұмыс жүргізу –дәстүрлі емес сабақтың маңыздылығы болып табылады. Олай болса кезкелген оқу пәні оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту құралы бола алады. Сабақтарда функционалдық сауаттылықты дамытудың мақсаты – оқытуда инновациялық әдістерді, заманауи білімдік және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану.

Оқушылардың функционалдық оқу сауаттылығы дағдыларын дамытуда сындарлы оқыту жүйесіндегі қалыптастырушы бағалау әдістері де оң нәтиже береді. Сабақ беруде мұғалімнің қойған бағасынан гөрі оқушының өз жұмысына сыни тұрғыда қарап, өзін-өзі бағалауы немесе сыныптастарының берген бағасының балаға оң ықпалы болатындығын, өзіндік, өзара және мұғалім бағасы сабақ қорытындысында салыстырылып, сараланып отырылса, бағаның объективтілігі артатындығын, бағаның әділдігіне оқушының өзінің, тіпті ата-анасының да еш күмәнінің болмайтындығын ұғындық. Оқушылардың бағалаудың осы түрінде өзінің білім алу әрекетіне белсене қатысады. Мұғалім мен оқушының арасында жедел кері байланыстың болмауы оқушылардың оқуға деген ынтасына кері әсер ететіндігі анық. Баға арқылы мұғалім оқушының оқуға деген ынтасы мен өзіндік бағасын төмендете алуы мүмкін екендігін жадынан шығармауы тиісті. Сондықтан әр мұғалім шәкіртінің өзін-өзі бағалау және өз жұмысы нәтижелерін жақсарту әдістеріне ұмтылдырып, дамуына үлесін қосады. Оқыту үдерісінде тиімді жұмыс моделі төмендегідей: жоспарлау – оқыту – бағалау – жоспарлау. Бағалау тың жоспарларға, жаңаша ізденістерге жетелейді, өйткені мұғалім оқушылардың білім нәтижесіндегі өзгерістерге байланысты оқыту әдістері мен технологияларына сыни тұрғыда қарап, жаңартып отырады. Әр оқушының жеке тұлға ретінде дамуына, мектепте алған білімін өмірде кез келген жағдайда қолдана білетіндей құзыретті түлек ретінде қалыптасуына ұстаздық жауапкершілігін сезінген мұғалім жан-жақты, үздіксіз, кешенді жұмыс жүргізсе ғана білім сапасы анық болатындығы сөзсіз.

Әрбір мұғалімнің негізгі мақсаты- сабақ сапасын көтеру, түрін жетілдіру, заманауи технологиялардың әдіс-тәсілдерін, элементтерін қолдану арқылы оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыру, олардың ізденуін, танымын қалыптастыру. Осы мақсатта математика пәнінде әр түрлі әдістерді қолдануға болады. Оқу-тәрбие үрдісінің сабақта дұрыс жүргізілуі үшін әр

алуан оқыту әдіс-тәсілдерінің тиімдісін мүмкіндігінше және оқушылардың жеке жағдайларына байланысты таңдап алуға көп көңіл бөлу керек.

Оқыту тәрбие берудің мақсаттарын, ұстамдарын меңгерту және өз бетімен оқу білім алуы арқылы белгілі бір нәтижеге жетеді. Ол нәтиже сапалы болса, білім сапасы артады. Өз деңгейі арқылы нәтижеге жетеді. Білу қабілетін арттырады және олимпиадаға, байқауларға қатысады. Сонымен қатар математика пәніне оқушының қызығушылығын арттырып, түрлендіре жүргізсе, жақсы нәтижеге қол жеткізуге болады. Ол мұғалімнің пәнге сүйіспеншілігі мен қажырлы еңбегі арқасында жүзеге асатыны хақ. Жаңа әдістерді әр сабақта шеберлікпен қолдана білу пәнді оқытудың сапасын арттыратынына сенімім мол.

Сабақтың тиімді жағының бірі – ол заман талабына сай сабақты электронды оқу құралдарын, интерактивті тақтаны пайдалана отырып жүргізу. Тіл үйренушіге мәтінді электронды оқу құралдарынан компьютер көмегімен тыңдап, сұрақтарға жауап беріп, мәтін негізінде бірнеше грамматикалық тапсырмалар орындауға мүмкіндік беруге болады. Ең бастысы – тапсырмалар күнделікті өмірде кездесетін жағдаяттарға негізделіп берілген болса, яғни бұл тіл үйренушінің тілді жеңіл түсініп, тез меңгеруіне көмектеседі. Ұсынылған сабақ жоспары тиімді, кезеңдері байланыстырыла, түрлі тапсырмалармен толық түрде ұсынған жөн. Егер әр сабақты мұғалім аталған сабақтай жоспарлап, мүмкіншіліктерді, жаңа технологияларды толық пайдаланып жүргізсе, мемлекеттік тілді меңгерген азаматтар санының өсері сөзсіз. Мұғалім шығармашылықпен жұмыс істеп, соңғы дамыған заманауи әдіс – тәсілдерді қолдана отырып еңбек етсе, өз білімін жетілдіріп, әрдайым ізденіс үстінде болса елімізде саналы, білімді жастар көбейіп, олардан болашақта біліммен қаруланған жақсы азаматтар шығады деп айтар едім.

Қазіргі кезеңде оқушының өз бетімен білімге ие болу барысында оның белсенді іс-әрекетін ұйымдастыру оқу үдерісіне қойылатын негізгі талаптардың бірі болып табылады. Бұл тәсілдеме пәндік білімді, әлеуметтік және коммуникативтік дағдыларды ғана емес, сонымен бірге өзінің жеке мүдделері мен болашағын сезінуге, сындарлы шешімдер қабылдауына мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттерді де меңгеруге ықпал етеді. Мұғаліммен бірлесіп шығармашылықпен айналысу және серіктес, кеңесші ретінде мұғалімнің қолдауы кезінде оқушының белсенді танымдық қабілеті тұрақты сипатқа ие болады.

Білім алушылардың функционалды сапаттылық құзыреттілігін қалыптастыруда олардың назарын аудару үшін сабақ үдерісінде әртүрлі тақырыптық, пәнаралық, сыныпаралық байланыс орнатып, қызықты әңгімелерді сахналық көрініс ретінде өтуді ұйымдастыра білуі қажет. Сонымен қатар, қазіргі білім беру жүйесіндегі оқытудың белсенді тәсілдерін түрлендіре қолдану арқылы сапалы білімге қол жеткізе алады. Сонымен ойымды қорыта келе, білім беру жүйесін әлемдік деңгейге көтеру үшін жасалып жатқан әрбір бастама жарқын болашаққа бастаған игі бастама деп білемін. Демек, жаңартылған білім бағдарламасы – болашақтың кілті. Ал болашақ - ол біздің ұрпағымыз. Білімді ұрпақ – мәңгілік елдің ұланы.

Әдебиеттер:

1. Тайм-менеджмент бойынша әдістемелік ұсынымдар. Астана.2015ж
2. Сыныпта сындарлы әңгімені ынталандыратын стратегиялар. Астана 2015ж
3. Оқу-әдістемелік құрал. Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау. Астана.2015ж
4. Мектеп оқушыларының функционалды сапаттылығын дамыту жөніндегі 2012-2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары. Астана. 2012 жылғы 25 маусым.
5. Бокижанова, Ғ.К. Оқытудың белсенді әдістемесін пайдаланудың тиімді жолдары.- Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал/ Білім көкжиегі: ҚР МАМ.- Алматы, 2014.- №12.-76.

Искакова А.С., Амирбекова М.Р.
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУДА «ДҮНИЕТАНУ» ПӘНІНІҢ РӨЛІ

Аннотация. Мақалада бастауыш мектеп оқушыларының танымдық белсенділігін дамытуда дүниетану пәні мазмұны қарастырылып, пәннің ерекшеліктері айтылған. Бастауыш сыныптарға арналған жаңа буын оқулықтарына қосымша мақсаты Блум таксономиясы бойынша анықталған сабақтың технологиялық картасы талданған.